

1 2016  
9 к

Б.А. ЖУМАТАЕВА

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАУАР ӨТКІЗҮ  
ЖЕЛІЛЕРІНДЕГІ ЛОГИСТИКАЛЫҚ  
ИНФРАҚҰРЫЛЫМДАРДЫ  
ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ



МОНОГРАФИЯ



**ЖУМАТАЕВА Б.А.**

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАУАР ӨТКІЗҮ  
ЖЕЛІЛЕРІНДЕГІ ЛОГИСТИКАЛЫҚ  
ИНФРАҚҰРЫЛЫМДАРДЫ  
ҚАЛЫПТАСТАСЫРУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ**

*Монография*



Алматы  
2015

ӘОЖ [338.47 !658.7] (574)  
КБЖ 65.37

Ж 78

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы ЕҮУ-нің Ғылыми кеңесі ұсынған  
(Хаттама №4, 25 қараша 2015 жыл)

**Пікір берушілер:** **Б.С. Толысбаев** – ә.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҮУ «Менеджмент» кафедрасының менгерушісі;  
**Б.Ұ. Сыздықбаева** – Л.Н. Гумилев атындағы ЕҮУ «Туризм» кафедрасының профессоры, ә.ғ.д.;  
**К.Т. Аленова** – С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті «Менеджмент» кафедрасының профессоры, ә.ғ.д.;  
**Б.С. Мырзалиев** – К. Яссайи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті «Экономика» кафедрасының менгерушісі, ә.ғ.д., профессор.

## Ж 78 ЖУМАТАЕВА Б.А.

Қазақстанның тауар өткізу желілеріндегі логистикалық инфрақұрылымдарды қалыптастыру және дамыту:  
Монография. – Алматы: – Экономика. 2015. – 240 б.

ISBN 978-601-225-797-7

Монографияда тауар өткізу желілеріндегі логистикалық инфрақұрылымды қалыптастыру және дамытудың теориялық аспекттері, экономикадағы логистикалық инфрақұрылымның маныздылығы және рөлі, логистикалық инфрақұрылымның экономикалық мазмұны және құрамы, тауар өткізу желілеріндегі логистикалық инфрақұрылымын құру және дамытудың әдістемелік тасілдері, Қазақстанда көліктік-логистикалық инфрақұрылымының даму жағдайы, логистикалық қызметті және оның инфрақұрылымы, Қазақстан аймактарында логистикалық инфрақұрылымның жағдайы және даму сипаттамасы (жұк тасымалдау мысалында), инфрақұрылым дамуының факторлары және экономиканың дамуына әсер ететін логистикалық факторлар, Қазақстан аймактарында тауар өткізу желілеріндегі логистикалық инфрақұрылымды қалыптастыру және дамытудың экономикалық тетіктері, тауар өткізу желілеріндегі логистикалық инфрақұрылымды қалыптастыру және дамыту, Қазақстанда тауар өткізу желілеріндегі логистикалық инфрақұрылымды дамытудың негізгі бағыттары, логистикалық инфрақұрылымды құру және дамыту міндеттерін жүзеге асырудың басты тетіктері қарастырылған.

ӘОЖ 338.47  
КБЖ 65.37

ISBN 978-601-225-797-7

© Жуматаева Б.А., 2015.  
© «Экономика» баспасы» ЖШС, 2015.

Бұл сибекті немесе оның боліктерін автордың көлісімінен таратуга және авторлық құқық жөніндегі нормаларға кайшы келетін баска да әрекеттерге тыбын салынады әрі заң бойынша жазаланады.

## KIPISTE

Тауар және көліктік қызмет нарығы жаңа үлгідегі инфрақұрылымды дамытудың қажеттілігін мәсебүрлейді – ол коліктік логистикалық инфрақұрылымды, көп қызмет атқарушы терминалдық-логистикалық орталықтарды құру (ТЛО), олар өзара әрекеттің біріктіліген жүйесін қалыптастырады, сонымен қатар көліктік-логистикалық және жогарғы қосылған құммен ілеспе сервистік қызмет көрсету аумақтарында физикалық тасымалдау үдерісінен пайдалылық нұктесіне өтүге алып келеді.

Заманауи кезеңде көліктік инфрақұрылым үйлеспеушілік және орналастырудың теңсіздігі, қызмет көрсету және басқарудың нарықтық төмігінің жетіспеушілігі есерінен экономиканың дамуын тежесеп тұрған фактор болып саналады. Сонымен бірге, экономиканы жаңандандыру жағдайында, шаруашылық мемлекет аралық байланысты маңызды белсендендіруге себепші болатын көлік және логистиканың рөлі мен маңыздылығы, міндеттері өлиеусіз өсу үстінде.

Осыған байланысты заманауи экономикада соңғы тұтынуышының сұранысын қанагаттандыруға барлаптанған көсіпорынның, аймақтың, елдің логистикалық инфрақұрылымын қалыптастыру өзектілікке ие болып отыр. Көліктік-логистикалық кешен ел экономикасы өсуінің драйверлерінің бірі болып табылады.

2012 жылдың 14 желтоқсанындағы ҚР Президенттің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» жолдауында инфрақұрылымды екі бағытта: ұлттық экономиканы жаңандандыру ортага біріктіру, сонымен қатар елдің ішінде аймақтарға жылжуды» дамыту қажеттілігі туралы айтты. Н.Назарбаевтың пікірі бойынша Қазақстаниң сыртында өндірістік көліктік-логистикалық обьектілерді құру үшін елдің сыртына шығатын шығуларға аса назар аудару және озінің пайданды мүқият есептегу маңызды болып табылады. Осы мақсатпен арнайы «Қазақстан Республикасы колік жүйесінің инфрақұрылымын дамытудың және ықпалдастырудың 2020 жылға дейінгі» мемлекеттік бағдарламасы жасалынды. Бүгінгі

куні ірі жалпы ұлттық инфрақұрылымдық жобалардың қатары жүзеге асырылуда, олардың нәтижесі 2020 жылы Қазақстан арқылы транзиттік тасымалдауды екі есеге жоғарылату көрек. 2050 жылы бұл сан 10 есеге өсуі керек», – деп жолдаудың мәтінінде айтылған.

Коліктік инфрақұрылымның қазіргі жағдайын талдау көрсетіп отыргандай ол ел экономикасын дамытудың берілген кезеңдері тараптарына жасауда бермейді және болашақта көліктік-логистикалық қызмет корсетуді жақсарту мүмкіндіктерін қамтамасыздандырмайды. Осыған байланысты көліктік-логистикалық инфрақұрылымды қалыптастыру және дамыту, оның рөлін, орнын және экономиканың қызмет көрсетуіне әсерін терең зерттеу қажеттілігін анықтайды.

Көліктік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту мәселелерін зерттеу қажеттілігі аймақтың нарықтық инфрақұрылымның маңызды жүйе құруышылық элементі ретінде зерттеу тақырыбының өзектілігін қамтамасыз етеді.

Монографияның мақсаты – заманауи логистикалық жүйеге және тауар қозғалысы технологиясына бейімделген көліктік-логистикалық инфрақұрылымды қалыптастыру және дамыту бойынша гылыми-әдістемелік ережелерді және тәжірибелік ұсыныстарды жасау болып табылады.

## 1-ТАРАУ.

# ТАУАР ӨТКІЗУ ЖЕЛІЛЕРИНДЕГІ ЛОГИСТИКАЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАМЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТИЛЕРІ



Экономикадағы логистикалық  
инфрақұрылымның маңыздылығы  
және рөлі

«Логистикалық инфрақұрылым» түсінігін қарастырmas бұрын тікелей «инфрақұрылым» түсінігін және оған не жататынын қарастырған орынды болып табылады.

Бүгінгі күні аталған түсінікті анықтаудың көптеген тәсілдері орын алған, бірақ ол XX ғасырдың ортасында ғана экономикалық әдебиеттерде кең көлемде қолданыла бастады.

Экономикалық әдебиеттерде «инфрақұрылым» термині («infra» – «астында» және «structure» – «құрылым, құрылғы») құрылым астында ұғымын білдіреді және бағынышты сипаттамаға ие, сонымен қатар, жалпы алғанда экономикалық жүйенің жақсы қызмет атқаруын қамтамасыз ететін экономикалық салалар кешенін анықтау үшін қолданылады.

«Инфрақұрылым» түсінігі латынның «infra» – астында, төмен және «structure» – құрылым, орналастыру сезінен шыққан. «Инфрақұрылым» түсінігі алғаш рет 20 ғасырдың 40 жылдары АҚШ және Батыс Еуропаның экономикалық әдебиеттерінде қолданыла бастады. Ал 60 жылдары бұл түсінік АҚШ ғалым-экономистерімен қаржыландыру және инвестиция көздеріне белгілі бір түргыдан қарастырылғанда түсіндірілді. Капиталистік елдерде инфрақұрылымды дамыту негізінен мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылса, ал батыс экономистері бұл инвестицияларды «қосымша қоғамдық капитал» немесе «үстеме әлеуметтік ұсталымдар» ретінде қабылдайды [1].

«Инфрақұрылым» түсінігі әр түрлі мағынада түсіндіріледі. Жалпы қабылданған мағынада инфрақұрылым материалдық өндіріске қатысы бойынша қосымша рөл ойнайтын және қоғамның

жақсы өмірлік іс-әрекетінің жалпы шарттарын қамтамасыз ететін қызметтің объектілері мен нысандарының жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Жаңа экономикалық энциклопедияда инфрақұрылым тұрақты экономикалық дамуды қамтамасыз ететін материалдық және ұйымдастыруышлық-құқықтық жағдайлардың жиынтығы ретінде анықталады. Материалдық жағдайларға жататындар – хабарлау жолдары, байланыс құралдары, электр және сумен жабдықтау және т.б. жүйелерінің дамуы, ал ұйымдастыруышлық-құқықтық – дамыған мемлекеттік және жеке институттардың, сонымен қатар тұрақты заңдық базаның бар болуы [2].

Батыс экономистерінің көпшілігі инфрақұрылымды халықшар-уашылық кешенінің негізгі салаларында жеке кәсіпкерлікті дамытуды қамтамасыз ететін және барлық халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыратын жалпы жағдайлардың кешені ретінде аныктайды [3].

Экономикалық түсіндірме сөздігінде басқаша анықтама беріледі: «Инфрақұрылым – қоғамға қолжетімді қызметтерді ұшыну үшін қолданылатын күрделі жабдық, оның ішінде қолік және телебайланыс, газбен, электрмен және сумен жабдықтау. Олар заманауи елдердегі экономикалық қызметтің басқа түрлері үшін қажетті негізді жасайды; олардың болмауы немесе сенім-сіздігі дамып келе жатқан елдерге катастырылады. Инфрақұрылым қызметтері әдетте мемлекетпен ұсынылады не болмаса реттелінеді» [4].

ХХ ғасырдың 80 жылдарының аяғында американдық экономист Д. Ашауэр экономикадағы инфрақұрылымның мәніне ұксас көзқарас білдірген. Оның көзқарасына К.Р. Макконнелл және С.Л. Брю сүйенеді: «...бұл экономист есептеуінше инфрақұрылымға мемлекеттік инвестициялар және жеке капитал салымдары қызметі жағынан езара байланысты. Басқаша айтқанда, жаңа жолдар мен көпірлердің салынуы тауарды өндірушілерден тұтынушыларға жеткізуді жеделдетеді. заманауи электр станциясы энергия шығындарын тәмендетеңді. яғни жеке кәсіпорындардағы өндірістің жалпы шығындары да тәмендейді [5].

Атакты ғалым М. Портер 1990 ж жарық көрген «Ұлттардың бәсекесінік артықшылыктары» (сонымен қатар келесі жазған

еңбектерінде) инфракұрылымды «бәсекелестік ромб» үлгісіне елдің бәсекеге қабілеттілігін камтамасыз етуге арналған факторлық жағдайдың бірі ретінде қости: «...өндіріс факторындағы елдің орналасқан жері, маманданған жұмыс күшінің бар болуы сияқты немесе берілген салада бәсекелестік күрес жүргізуге қажетті инфракұрылым болып табылады» [6].

Әдебиеттерде «инфракұрылым» түсінігін көптеген зерттеулерге қарамастан, инфракұрылымның түсінігін анықтайтын жалпы қабылданған анықтама әзірше жок [7, 8].

Инфракұрылымды зерттеу мәселелеріне арналған жұмыстарда оның мазмұнын анықтауға әр түрлі әдістемелер ұсынылды.

Зерттеу пәні бойынша инфракұрылымның мәнін түсіндіруде арналған әдістер арқылы үш анықтаманы ерекшелеп көрсетуге болады:

1. Инфракұрылым экономиканың барлық салаларында кәсіпкерлікті қолайлы дамытуды камтамасыз ететін және барлық халықтың қажеттілігін қанағаттандыратын жағдайлардың кешені (Р. Иохимсен, Р. Форд) [9, 10].

2. Инфракұрылым шаруашылық субъектінің иелігінде, ресурстарды максатты орналастыруға мүмкіндік беру кезінде шаруашылық қызметтің жоғары деңгейін және толық бірігуін камтамасыз ететін құрал-жабдықтың материалдық, институционалдық және жеке түрінің жиынтығы ретінде қарастырылады (К. Конкард, Х. Сейтц, Х. Требинг) [11].

3. Инфракұрылым экономиканы дамыту үшін қажетті қызметтерді өндіретін салалардың жиынтығы ретінде құрылыштың ұзақтығы және объектінің қызмет ету мерзімімен сипатталынады (М. Джастмэн) [12].

Бірінші әдіс инфракұрылым түсінігін кең мағынада түсіндіреді, оған бүтін салаларды, сонымен қатар өздерінің қызметтік тағайындалуы бойынша әртүрлі қызметтің жеке түрлерін де қосады, бірақ оның маңыздылығын нақты емес.

Екінші әдістің кемшилігі инфракұрылымның құрамы жалғыз белгісі – өндіріске қажетті жалпы жағдайларды жасау бойынша анықталған, ол оны өндіріске қызмет көрсететін жүйе ретінде қарастырады.

## 8 ♦ Қазақстаниң тауар өткізу желілеріндегі...

Үшінші әдісте «инфрақұрылым» түсінігі «қызмет көрсету саласы» түсінігімен теңестірілп түр.

Инфрақұрылымның орны және экономикалық маңыздылығы В.Н. Федорованаң анықтамасында жеткілікті нақты ұсынылған: «Инфрақұрылым – бұл халық шаруашылығының үйімдік оқшауланған сатылы үйімдастырылған жиынтығы, оның негізгі тағайындалуы жаңа материалдық-заттық өнімді шығару емес, дұрысында өндірістік сала және материалдық өндірістің негізгі салаларының қызметіне қызмет көрсету және қамтамасыз ету болып табылады» [13]. Осылайша инфрақұрылымның рөлі және оның міндеті халық шаруашылығының негізгі құрылымдық бөлімшелерін тиімді қызмет етуінің жағдайларын қамтамасыз ету болып табылады, олар: кешендер, салалар, қызметтің түрлері, кәсіпорындар, мекемелер, сонымен қатар жалпы қоғамға және халыққа қызмет көрсету болып табылады.

Заманауи шарауашылықтағы инфрақұрылымның рөлі шарауашылық пен халықтың ерекше жалпы қажеттіліктеріне қызмет көрсететін қоғамдық игіліктерді өндіру бағдарларын кеңейтүмен, сонымен қатар ресурстар мен өнімнің ірі көлемінің осы бөлімде топталуының өсуімен сипатталады. 1990 жылдардың ортасында дамыған шетелдік елдердің жалпы ішкі өнімнің жиынтығында инфрақұрылымның үлесі 1/4-ден 1/3-ге дейін болды, шамалап алғанда жұмысбастылардың жалпы санының 1/3 және инвестицияның жалпы көлемінің 25-35% [14].

ҚР экономикасының инфрақұрылымдық салаларында жұмысбастылар санының салыстырмалы мөлшері (сауда, көлік және байланыс) 2012 жылға 22,3% өсті (2003 жылы – 18,2%), ал инфрақұрылымдық салалардағы ЖІӨ өсімінің жыл сайынғы көрсеткіші 2003-2012 жылдары келесідей аралықтарда ауытқыды: 106,2-109,5% (көлік және байланыс), 109,8-113,4% (көтерме және бөлшек сауда; автокөлік және мотоциклдерді жөндеу) және 109,5-124,2% (қаржылық және сақтандыру қызметі) [15].

Сапалы тәртіп жағдайы маңызды болып табылады – заманауи шарауашылық пен қоғамды дамытуда инфрақұрылым салаларының өсінкі салымдары: ғылым, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, телебайланыс салаларында экономикалық дамудың, әлеуметтік

ілгерілеудің және әлемдік нарықта елдің бәсекеге қабілеттілігінің стратегиялық факторлары құрылуда. Шетелдік елдердің инфрақұрылымдық салаларының айрықша белгілері себептер қатары бойынша салыстырмалы мемлекеттендірілуі, нарықтық күштердің әрекет етуі үшін жоғары тосқауылдардың болуы. Шаруашылықтың инфрақұрылымында сәйкесінше мемлекеттік меншіктің ерекше белігіне көніл аударылған және бюджеттік қаржыландырудың ірі көлемдегі ағымдары шоғырландырылған.

Көптеген авторлардың көзқарастары бойынша, инфрақұрылым ішкі жүйе ретінде тауар мен қызметтің өндірісі және айналымына жақсы жағдайлар жасауга және қамтамасыз етуге, сонымен қатар жоғарыдағы жүйе шегінде әлеуметтік ұдайы өндіріске икемді [16]. Ережеге сай, осымен байланысты функционалдық тағайындалу белгісі бойынша кез-келген деңгейдегі ұйымдастыруышылық-экономикалық жүйе инфрақұрылымының шегінде бірінші кезекте өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымды, сонымен қатар экологиялық және институционалдық құрылымды қарастырады.

*Өндірістік инфрақұрылым* – негізгі өндіріске қызмет көрсеттін салалардың кешені және ол өндірістің құралдарының жақсы қызмет атқаруын қамтамасыз етеді, сонымен қатар ұзак мерзім бойына олардың жұмысқа қабілеттілігін сақтауға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік (өндірістік емес) инфрақұрылым – жұмыс күшінің ұдайы өндірісін және жұмысшының тұлға ретінде дамуының әлеуметтік-мәдени (білімі, біліктілікті жоғарылату, деңсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, сақтандыру, несиелендіру) және әлеуметтік-тұрмыстық (тамактану, тұрғынүй-коммуналдық қызметтер, бөлшек сауда) құраушыларын қамтамасыз етеді.

Институционалдық инфрақұрылымның – функционалдық тағайындалуы ғылыми, басқарушылық, құқық қорғау және қорғаныс сипатындағы қоғамдық пайдалы қызметтерді көрсетумен анықталады. Институционалдық инфрақұрылымның басқа топтардан айрықша ерекшелігі, ол өздігінше сала ретінде алдыға шыға алмайды, басқарушы ішкіжүйе ретінде барлық басқа топтарға қызмет көрсетеді және әртүрлі, бірақ элементтерінің арқасында бір-бірімен өзара тығыз байланысты курделі жүйе ретінде

қарастырылады. Оның мекемелерінің бір бөлігі ұдайы өндірістік үдерісті тікелей басқарады және осы мағынада ол қоғамдық өндірісті басқарудың субъектісі болып табылады, ал басқа бөлігі – айналым саласына қызмет көрсетеді.

*Экологиялық инфрақұрылым* – күзетуге арналған объектілер мен ғимараттардан тұрады және ол қоршаған органды жақсарту мен ұдайы жаңғыртып отыруға арналған [17]. Ол адамзат қоғамының индустримальық дамуы барысында пайда болды және заманауи ғылыми-техникалық революцияның шарттарында та-банды қажеттілікке айналды, ейткені әр түрлі табиғи ресурстарды өндіру және қолдану, өндіріс және пайдаланудың қалдықтары мен шығарылуы арқылы қоршаған органды ластану көлемі бұрын соңды болмаған қарқынмен өсуде.

*Экономикалық әдебиеттерде инфрақұрылымның қолтеген анықтамалары бар:*

– маркетингтік тұжырымдама: инфрақұрылым – нарықта тауардың сатылуына жағдай жасайтын және тауарлар мен қызметтерге жаңа сұранысты қалыптастыратын қызмет түрлерінің жиынтығы;

– үлестіруші тұжырымдама: инфрақұрылым – өндірушілерден тұтынушыларға тауар ағымы қозғалысын қамтамасыз ететін қызмет түрлерінің жиынтығы;

– институционалдық тұжырымдама: инфрақұрылым – өндіріс және тұтыну арасындағы сауда-экономикалық байланыстарды қамтамасыз ететін айналым саласындағы өзара әрекеттес агенттердің жүйесі;

– логистикалық тұжырымдама: инфрақұрылым – тауардың табиғи орын ауыстыруы үдерісіне қызмет көрсететін және айналым саласындағы ақпараттық және қаржылық ағымдар арқылы бүл үдерістерді жанамалайтын материалдық-техникалық объек-тілер мен құралдардың жүйесі.

Барлық жоғарыдағы анықтамалардан шығатыны инфрақұрылым экономиканың қызметтің атқаруы үшін қажетті жағдайлар жасайды.

Орталықтанған жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға өту шаруашылық қызметте өздігінше әрекет етудің жоғары

денгейін көрсетеді, ол сонымен қатар, жана ғылыми-тәжірибелік бағыт – логистиканы зерттеуге қажеттілікті туындалады.

Логистиканы танытудың сан қырлылығы және оны фирмалық, салалық, салааралық, аймақаралық және халықаралық деңгейлерде қолданудың әртүрлілігі «логистика» терминін түсінуге әртүрлі қөқарастардың нақты бар екендігін анықтайды. Отандық және шетелдік әдебиеттерде кеңінен таралған логистика туралы түсініктемелер беретін анықтамалардың бірнешеуін қарастырып көрсетейік:

«Логистика – бұл алдына қойылған мақсатқа жету үшін мікро-, мезо-, немесе макроэкономикалық жүйеде анықталған қызмет ағымдарын, материалдық ағымдарды және олармен байланысты ақпараттық және қаржылық ағымдарды басқару және оңтайландыру туралы ғылым [18].

«Логистика – шикізаттар, материалдар және жартылай фабрикаттарды өндірістік көсіпорынга дейін жеткізу барысында қолданылатын материалдық және материалдық емес операцияларды бақылауды жоспарлау және тасуды басқару, қоймаландыру туралы ғылым; соңғы, яғни қазіргі заманауи тілектер, талаптар мен қызығушылықтарға сәйкес дайын өнімді тұтынуышыларға дейін жеткізу, сонымен қатар сәйкестендірілген ақпараттарды беру, сақтау және өндеуден өткізетін ғылым түрі болып табылады» [19].

Айтылған біршама анықтамалардан шығатыны, логистика – бұл материалдық және оларға сәйкес ағым болып табылатын зерттеу объектісінің ғылымы [20].

Берілген жұмыстың сипаттамасы бойынша тағы да бір анықтаманы айтуға болады: «Логистика өнімді бөлу, көлікті және өндірісті жабдықтауға сұраныстың нақтылы өзара әрекетіне негізделген экономиканың азғана өндірістік инфрақұрылымы [21]. Бұл анықтамада экономиканы дамытудың маңызды бір жағы, шаруашылық қызмет көрсетудің кешені жағынан, яғни инфрақұрылым тарапынан логистикаға макроэкономикалық көзқарас анық бейнеленген.

Осылайша, өндірісті және таратуды басқару аумағындағы көптеген ғалымдар мен тәжірибешілердің көзқарасы бойынша, нарықтық экономика жағдайындағы логистика – бұл жалпы тау-

ар ағымын біріктірілген жоспарлау, басқару және бақылау, оларға келесілерді жатқызуға болады: шикізаттар, материалдар, жартылай фабрикаттар, дайын өнімді жинақтайтын бұйымдар, сонымен қатар тауарлық материалдық ағымға жалғаспалы сервистік, қаржылық және ақпараттық ағымдар.

Логистикада, ғылыми тәртіп ретінде, келесі бөлімдерді анықтап көрсетуге болады: жабдықтау логистикасы (сатып алу логистикасы); үлестіру логистикасы (өткізу немесе қайта сату); қоймалық логистика; көліктік логистика. Соңғы жылдарда логистиканың дәстүрлі аумақтарына келесідей жаңалары қосылды: ақпараттық логистика, қызмет көрсетулер логистикасы, логистиканы қаржылық және кадрлық қамтамасыз ету, функционалдық логистикалық менеджмент, бизнес – логистика, аймақтық логистика.

Батыс Еуропа, АҚШ, Жапония, Австралия мемлекеттерінде тәжірибе жүзінде жаппай, ал соңғы жылдары Қазақстанда да өнеркәсіптік, көлік және сауда кәсіпорындарында логистика бөлімдері мен бөлімшелері, сонымен қатар, коммерциялық негізде қызмет атқаратын көптеген дедалдық логистикалық компаниялар және логистикалық қауымдастықтар құрылуда.

Бизнестің тәжірибесіне заманауи логистикалық менеджменті енгізу өндірістегі, жабдықтаудағы және шығарудағы өнім қорларының барлық түрін айтارлықтай азайтуға мүмкіндік береді, тауарлық материалдық ағымдардың орнын ауыстырумен байланысты қайта сату шығындарын және өндірістің өзіндік құнын орта есеппен алғанда 40-50% төмендетеді, тауар мен қызмет көрсету ретінде тұтынушыларды толық қанағаттандыруды қамтамасыз етеді.

Түсініктемелік аппаратты жалпылауға қатысты логистика мен пікірталас тұжырымдамаларын талдау Карнауховтың «Ресейдің экономикасындағы логистикалық жүйелер» атты жұмысында баяндалған, мұнда инфрақұрылымдық қызметтің саласы ретінде, біріктірілген материалдар мен тауарлар ағымын басқару жүйесі ретінде және сонымен қатар кеңістікті-уақыттық ағымдардың үрдістерін басқарудың әмбебап құралы ретінде логистикага тәсілдемелер толық тұжырымдалған [22].

Логистиканың жана заманауи тұжырымдамасын ресей ғалымдары адамзат қызметінің кез-келген саласында әртүрлі ағымдық үдерістерді басқару және ғылыми ұйымдастыру ретінде қарастырган. Қеңістікті-уақыттық кезектілікке ие болатындардың барлығы логистизациялауга жатады. Логистиканың берілген тұжырымдамасының авторларымен келісу керек, ол бір мезгілде ғылыми және тәжірибелік сипаттағы артықшылықтарға ие болады. Логистиканың жаңа парадигмалық негіздерінің тұжырымдамаларына сәйкес аймақтық логистикалық жүйені құру, логистикалық жүйенің әр түрлі элементтерін қамтуға, олардың құрамын және өзара әрекеттестік қағидаларын онтайландыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, нарықтық инфрақұрылымның логистикалық тұжырымдамасы нарықтық құрылымды тауарыйналымы каналдары бойынша тауарлардың орнын ауыстыруды қамтамасыз ететін техникалық және техникалық құрал объектілерінің жүйесі ретінде қарастырады, яғни назар аудару орталығы инфрақұрылымның материалдық-техникалық аспектісі болып табылады, ал әлеуметтік-экономикалық сипаттағы сұраптар екінші орынға түседі.

Логистикалық инфрақұрылым материалдардың ағымын құру, қозғалту бойынша кәсіпорынның қызметін жүзеге асыру үшін қажетті объектілердің жиынтығы ретінде түсіндіріледі, сонымен катар ол клиенттердің талаптарын қанағаттандыру кезінде кәсіпорын мен клиенттердің шығыстарын барынша азайту және осы қызметтерді жүзеге асыру барысында сапаның барлық қажетті стандартары мен талаптарын сақтау қажет.

Заманауи жағдайларда инфрақұрылым логистикада жекелей, және экономикада жалпылай анықтаушылық рөлге ие болады. Дамыған инфрақұрылымның бар болуы – логистикалық жүйенің тиімді қызмет атқаруына қажетті жағдайлар жасайды.

*Сонымен, Д. Бауэрсокс және Д. Клосс белгілегендей, логистикадағы құзіреттілік қызметтің келесідей түрлерін үйлестіру нәтижесінде пайда болады:*

- 1) логистикалық инфрақұрылымды құру;
- 2) ақпараттық айырбас;
- 3) тасымалдау;

4) корларды басқару;

5) қоймалық шаруашылық, жүкті қайта жасау және буып – түю. Бір жүйеге келтірілген бұл қызмет көрсетушілік облыстар логистиканың қажеттіліктерін қамтамасыз етуге қабілетті [23].

Логистикалық жүйе әр түрлі элементтердің толық жиынтығын көрсетеді, олар бір-бірімен тауар қозғалысын үйымдастыру бойынша тығыз байланысты және аралық жүйе мен ішкі жүйелерге біріктірілген.

*Логистикалық жүйенің барлық ішкі жүйелері екі категорияга болінеді [24]:*

— функционалды ішкі жүйелер (өндірістік, көліктік, қоймалық);

— қамтамасыз етуші ішкі жүйелер (ақпараттық, құқықтық, кадрлық).

Басқа экономикалық жүйелерден логистикалық жүйенің айрықшаланатын белгілеріне келесілер жатады:

— басқарылатын ағымдық үрдістер және басқару органдарының бар болуы;

— өзіне тән жүйелік толықтылық;

— жүйенің өзінде, жүйелер мен ортаның арасында ақпараттық байланыстың бар болуы;

— ұйым мен басқарудың инфраиндустриалдылығы.


Логистикалық жүйенің маңызды құрылымына келесілер жатады: тиімділік, бейімделмелік, айналмалылық. Тиімділік – басқарудың тұрақтылығын сақтауға бағытталған қажетті және алдын-ала белгіленген ерекшелік болып табылады.

Логистикалық жүйенің бейімделмелігі қоршаған ортаның анықталмағандығы жағдайында нарықтағы сәйкесінше тұрақты жағдайды білуге мүмкіндік береді. Айналмалылық логистикалық кезеңмен сипатталады, яғни анықталған тауарды дайындау және оны тұтынушының қоймасына немесе басқа да белгіленген орынға жеткізуге тапсырысты рәсімдеу үшін қажетті уақыт мерзімімен сипатталынады. Негізінде логистикалық жүйелер екі үлгіге бөлінеді (1.1-сурет).

Болмысында макрологистикалық жүйе ағымдық үдерістерді басқаратын ірі экономикалық жүйе ретінде қарастырылады, оның

құрамына кіретіндер: кәсіпорындар, өнеркәсіптік, жабдықтаушығарып тастау, көліктік үйімдар, басқа да мешік нысаны және әр түрлі ведомствалардың басқа да делдалдық құрылымы, олар аумактық орналасуы бойынша шектелмейді сонымен қатар ерекше назар құрастырылатын жүйедегі рөліне қарамастан әрбір қатысушының мүдделерін өзара байланыстыруға аударылады.

Макрологистикалық жүйенің қызмет атқаруын бағалау жағдайы жиынтық шығындарды азайту кезінде жоғарғы нәтиже алу. Нәтиже ең жоғарғы пайда алуды ғана көзdemейді, ол сонымен қатар аймақ, ел немесе мемлекеттердің арасындағы жалпы экономикалық жағдайды жақсартумен сипатталады.



1.1-сурет. Логистикалық жүйелердің түрлері мен үлгілері, шешетін міндеттері

Баскарудың микрологистикалық жүйелері бір кәсіпорынның немесе корпоративтік негізде біріктірілген кәсіпорындар топтарының ішкі өндірістік логистикалық аумағын қамтиды.

Микрологистикалық жүйеге бір инфракұрылыммен біріктірілген және бір экономикалық нәтижеге жұмыс жасайтын технологиялық байланысты өндірістерді кіргізуге болады. Шығындарды азайтуда ең үлкен салыстырмалы салмақтау материалдық ресурстардың қоймалық корларының көлеміне жиынтық үнемдеу болып табылады.

Дамыған елдердің тәжірибесі көрсеткендей: логистикалық жүйелерді қолдану көлік шығындарының 7-20% қысқаруына алып келеді. Тиеу-түсіру жұмыстары және дайын өнім мен материалдық ресурстарды сактау шығындары 15-30%; жалпы логистикалық шығындар 12-35% азаяды; материалдық ресурстардың айналымдылығы 20-40% жеделдейді; дайын өнім мен ресурстардың корлары 50-100% төмөндейді.


Қазақстанда нарықтық қатынастардың қалыптасуы көліктік-логистикалық қызметтегі нарықтың инфракұрылымын қалыптастыруды талап етеді. Оның негізін қалаушы, жүйесін қалыптастыруши элементтері келесілер болып табылады: көліктік тораптар, магистралды және жергілікті хабарламалар жолы, контейнерлік және жүкті өндеуші терминалдар, мультимодалдық көліктік-логистикалық орталықтар (МКЛО).

Материалдық-техникалық қамсыздандыруды басқару, тауар ағымдарын баскарудың теориялық жағдайларының қалыптасуы мен дамуына үлкен үлес қосқандар келесі отандық ғалымдар: Ашимбаев Т.А., Баймуратов У.Б., Бенке И.Ю., Давильбекова Ж.Х., Ералы А.К., Т.Т., Есиркепов Т.А., Калдыбаев О.К., Каренов Р.С., Кажымурат К.К., Кенжегузин М.Б., Кошанов А.К., Мамыров Н.К., Нурланова Н.К., Нысанбаев С.Н., Исаева М.Г., Сагадиев К.А., Сабден О.С., Сухова Л.Ф., Чан Ч.Н. және басқалары [25-33].

Нарықтық инфракұрылымды және оның жеке элементтерін дамытудың мәселелері отандық ғалымдардың енбектерінде жеткілікті үлкен көлемде зерттелген, олардың ішінде келесі жұмыстарды атауға болады: О.Сабден (өндірістік инфракұрылым), Исингарин Н.К. (халықаралық тасымалдаулар логистикасы),


Ж.С.Раймбеков (өнеркәсіптегі логистикалық инфрақұрылым), Б.У. Сыздықбаева, Л.Ф.Сухова, А.Н. Тулембаева (көліктік және логистикалық инфрақұрылым) [34-38].

Нарықтың инфрақұрылымы жалпы алғанда нарықтық ортада қызмет атқаратын материалдық-тауарлық ағынның өндірушілері мен тұтынушылары арасындағы әр түрлі дедалдық құрылымы ретінде ұсынылады (1.2-сурет).




1.2-сурет. Материалдық-тауарлық ағын нарығы инфрақұрылымының орны

Кәсіпорынның логистикалық тәсілді қабылдауы нарықтың инфрақұрылымымен тікелей өзара қатынасқа түсуге мүмкіндік береді, ол өз кезегінде соңғысын өзінің меншікті мүдделерінде қолдануға және әсер етуге мүмкіндік береді. Бұл өзара қатынастар логистикалық инфрақұрылымның құрылудына алып келеді (1.3-сурет).



1.3-сурет. Қозғалыс жүйесінде сыртқы материалдық-тауарлық ағынның логистикалық инфрақұрылымын қалыптастыру

Логистикалық қызметтер логистиканың негізгі түрлерін бөліп көрсету негізінде жатыр. Осылайша, логистикалық инфрақұрылым жабдықтау, өндіріс, шығару және үлестіру сияқты негізгі міндеттерді қамтамасыз етеді (1.4-сурет).



1.4-сурет. Логистикалық инфрақұрылымның атқарымдық ерекшеліктері

Осыдан шығатыны, логистикалық инфрақұрылым өндірушіден тұтынушыға дейін материалдық-тауарлық ағын қозғалысын қамтамасыз ету мақсатында анықталған логистикалық міндеттерді орындастын нарықтың инфрақұрылымның бөлігі ретінде түсіндіріледі.

*Логистикалық міндет* – бұл логистикалық жүйенің мақсатын жүзеге асыруға бағытталған біртекті логистикалық операциялардың жиынтығы.

Жалпы алғанда логистикалық міндет материалдық-тауарлық ағынды басқарудың ерекшелігімен сипатталады. Үш негізгі міндеттен шығатыны, олар логистикалық инфрақұрылымның бірнеше түрлеріне бөлініп мүмкін: сатып алу, өндірістік, көліктік және ақпараттық-қаржылық.

М.М. Кузнецованың көрсеткіштері бойынша логистикалық инфрақұрылым сыртқы нарыққа материалдық-тауарлық ағынды сатып өткізу бойынша қойылған мақсаттарға жету үшін нарық инфрақұрылымның элементтерін тандау барысында туындаиды [39].

*Логистикалық инфрақұрылым* – бұл өндірушіден тұтынушыға дейін материалдық-тауарлық ағын қозғалысына қатысатын элементтердің жиынтығы.

### *Оның негізінде жасақандар:*

- ұйымдастырушылық база (жабдықтайтын-өткізетін, брокерлік және басқа дедалдық ұйымдар);
- материалдық база (көлік жүйелері, қоймалық және ыдыстық шаруашылық, ақпараттық жүйе және байланыс құралдары);
- несиелік-есеп айырысулық база (банктік және құрылымдық мекемелер).

Тауарларды өткізу үшін қойылған міндеттердің (оңтайландыру, ұтымды ету, қарқындандыру, тиімділігін жоғарылату және т.б.) шешімінен логистикалық инфрақұрылымның сырт пішіні маңызды өзгереді.

*Логистикалық инфрақұрылым – сатып алу, жеткізу, сақтау және тұтынушыға дейін өнімді жеткізу жүйелерінің қызмет атқаруын қамтамасыз ететін элементтердің өзара байланысының кешені.*

*Логистикалық инфрақұрылымды басқару жүйесінде келесідей негізгі компоненттер айрықшаланады [40]:*

- логистикалық инфрақұрылымды жасау, дамыту және басқарудың жалпы сұраптары;
- меншікті немесе сырттан тартылған көліктің жылжымалы құрамы паркін басқару;
- көліктік-қоймалық құрал-жабдықтарды қолдану, оның ішінде паллеттер, контейнерлер және т.б.
- магистралды және көмекші кірме жолдар желісін дамыту;
- қоймалық шаруашылықтың қызмет атқаруының тиімділігін жоғарылату, соның ішінде қоймалық ғимарат және мекеме, қоймалық, өндірістік және байланыс құрал-жабдықтары;
- желідегі жылжымалы құрам жұмысын басқару (тасымалдауларды бағдарлау және диспетчерлендіру).

Логистикалық инфрақұрылымның түсінігін жеткілікті кең мағынада және толық Л.Б. Миротин және В.И. Сергеев береді: «Логистикалық инфрақұрылым ретінде қызмет түрлерінің жиынтығы түсіндіріледі, олардың көмегімен материалдық және каржылық ағындардың немесе тауар қозғалысының қозғалыс үдерісі жүзеге асады және оған қызмет көрсетіледі. Логистикалық

инфрақұрылым кез-келген басқа инфрақұрылым сияқты үш түрге бөлінеді:

- техникалық (өндірістік);
- институционалдық;
- әлеуметтік.

*Техникалық инфрақұрылым* – көлік, жол, ғимараттар мен үймереттер, қоймалар, терминалдар және басқаларының нақты барын және қызмет атқаруын қарастырады.

*Институционалдық инфрақұрылым* – бұл тауар қозғалысы үдерісіне қызмет көрсетумен тікелей байланысты банктер, кеден, сертификаттау органдары және басқаларының қызметі.

*Әлеуметтік инфрақұрылым* – материалдар ағыны қозғалысы үдерісіне қатысатын қызметкерлерді қамтиды» [41].

Сондықтан, логистикалық үдерістер инфрақұрылымына өндірістік және өндірістік емес қызмет көрсету бойынша қоғамдық-пайдалы қызметтердің аумағы жатады, олар не болмаса өндіріс құралдары мен жұмыс күшінің үдайы өндірісіне қажетті жағдайлар ретінде, не болмаса ұйымдастыру-экономикалық қарым-қатынастар ретінде қызмет атқарады, яғни қоғамдық өндірісті дамытудың үздіксіздік және үдемелі шарты және оның тиімділігін жоғарылату жолдары мен бағыттары [42].

«Инфрақұрылым» терминіне берілген анықтамаға жоғарыда көрсетілген көзқарастардың барлығы әртүрлі тәсілдерді суреттейді, олар уақыттың белгілі бір кезеңінде қалыптасқан, бірақ бірін-бірі жоя алмайды. Осыған байланысты берілген терминнің дамуын кесте түрінде ұсыну мақсатқа сай болып табылады (1.1-кесте).

**1.1-кесте. «Логистикалық инфрақұрылым» терминінің дамуы**

Мерзімі	«Инфрақұрылым» терминіне анықтамалардың тәсілдері
1940-1950	Инфрақұрылым салалардың жиынтығы ретінде. Экономикалық әдебиеттерде «инфрақұрылым» терминінің туындауы өнеркәсіптік және ауылшаруашылығы өндірісіне қызмет көрсететін шаруашылық салаларының кешенінің көрсетілуімен байланысты (тас төсслеген жол, канал, кемежай, көпір, аэродром, қоймалар, энергетикалық шаруашылық, теміржол көлігі, байланыс, сұмен жабдықтау, кәріз жүйесі және тағы да басқаларының құрылышы).

## Кестенің жалгасы

1960-1980	Инфрақұрылым объектілердің жиынтығы. Логистикалық инфрақұрылымның типтік объектілерінің құрамына өндірістік кәсіпорындарды, қоймаларды, тису-түсіру терминалдарын және бөлшек сауда дүкендерін жатқызу.
1980-2000	Инфрақұрылым қызмет түрлерінің жиынтығы ретінде. Логистикалық инфрақұрылымды үш түрге болу: техникалық (өндірістік), институционалдық және әлеуметтік.
2000	Инфрақұрылым қызмет көрсету бойынша қызмет ретінде. Өндірістік және өндірістік емес қызметтер көрсету бойынша көғамдық-пайдалы саланың логистикалық үрдістерін инфрақұрылымға жатқызу.
Ескерту – Жалпыланған ғылыми әдебиеттердің негізінде құрастырылды	

Жоғарыда көрсетілгендерге байланысты, логистиканың ішкі және сыртқы инфрақұрылымы туралы айту мақсатқа сай болып табылады. Басқаша айтатын болсақ, компанияның логистикалық жүйесіне жататын инфрақұрылым объектілерін (яғни оның басқаруындағы) ішкі деп санауга болады, ал оның әрекетіне қызмет көрсетушілер – сыртқы.

*Инфрақұрылым түсінігін анықтауга арналған әр түрлі тәсілдерді талдау инфрақұрылымның қалыптасуы мен дамуына қажетті зерттеу жүргізуде келесідей қорытындылар жасауга мүмкіндік береді:*

– инфрақұрылымның негізгі белгілерінде өндіріс үшін жалпы жағдайларды құру көрсетіледі және айналымда өндіріс үдерісі жалғасын қамтамасыз ету. Сонымен катар, инфрақұрылымның құрамы анықталған икемділікпен сипатталытындығын ескеру қажет, ол келесідей жағдайларға тәуелді: аумақтық құрылым деңгейі, аймақтық өрекшеліктерге байланысты алдында құрылған әлеуеттің көлемінде қандай да бір мерзімде кезекті міндеттері шешілуі керек;

– «инфрақұрылым» түсінігі өз кезегінде «қызмет көрсету саласы» түсінігімен шектеседі. Бірінші түсінікке өнімді өндірістен қорытынды тұтынуға дейін жылжыту үшін қажетті жағдайлар жасауын салалар кіреді, ал екінші түсінік - өндіріске және халыққа қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін салалар болып табылады;

— инфрақұрылымды төрт деңгейда қарастыру мақсатты болып табылады, олар экономиканың қызмет атқаруына тікелей қатысты деңгейлері болып есептелінеді: микроденгей – кәсіпорын, жеке өндірістік бөлімшелер инфрақұрылымы; мезоденгей – халық шаруашылығы немесе аумақтық бірлік салаларының инфрақұрылымы (аудан, қала және т.б.); макроденгей – ұлттық экономика шегіндегі инфрақұрылым; мегаденгей – ғаламдық инфрақұрылым.

*Тауар қозғалысының логистикалық инфрақұрылымын қалыптастыру және дамытудың үрдістері мен мәселелерін жалпылау келесідей анықтама беруге мүмкіндік береді:*

— Логистикалық инфрақұрылым – бұл жүкті ауыстырып тиетін және қоймалық құрал-жабдықтардың көліктік құралдарын тиімді қолдану негізінде жатқан барлық бөлімдердегі кешендік инженерлік-экономикалық жүйе, сонымен қатар, ол жүкті жөнелтушіден жүкті алушаға дейін жүкті жедел, сақтап жеткізудің ең жоғарғы мүмкіндігін қамтамасыз ететін ақпараттық технологиялар.

Бұл өзара әрекеттесетін және өзара байланысатын элементтерден тұратын айтарлықтай құрылым болып табылады, ол салыстырмалы түрде өз бетінше және тұракты қызмет атқарады, коршаған органдың өзара әрекеті бойынша үнемі дамиды және жетілдіріліп отырады.

Көліктендіру және жүкті қайта өндеудің алға басу элементтері бірыңғай логистикалық жүйені құрайды, ол тауар қозғалысы үдерісін қамтамасыз етеді. Аймақтық, ұлттық немесе ұлтаралық деңгейдегі материалдық ағындарды басқару кез-келген мемлекеттің экономикалық саясатының негізгі бағыттары болып табылады.

*Логистикалық инфрақұрылым нени билдиреді, оның құрылымдық әрекшеліктерін, логистикалық жүйенің өзге де элементтерімен өзара байланысын түсіну маңызды болып табылады, бұлардан жүйенің негізгі құрылымы шығады:*

— автономдық – қоршаған оргаға тәуелсіз жүйенің анықталған, жеткілікті кең қызмет көрсету және даму мүмкіндіктері;

— тұтастық – бір мақсатқа бағытталған қызметпен жүйенің бөлімдерінің ішкі байланысы;